



**КЕШЕНДІ БІЛІМ БЕРУ САУЫҚТЫРУ**

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«Шұғыла» балалар сауықтыру орталығы**

**«Жаз - 2026»**

**Ақтөбе 2026**

# 1. Жалпы ережелер

Бұл бағдарлама кәметке толмағандарға арналған мәдени-сауықтыру қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленді. Бағдарламада Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің «Жазғы демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша 2024-2026 жылдарға арналған әдістемелік ұсынымдар» және «Адал азамат» біртұтас тәрбие беру бағдарламасын жүзеге асыру басшылыққа алынды. Балалардың бос уақытының көп уақыты жазғы демалыс уақыты, сондықтан демалыстар олар үшін денсаулықты нығайту, шығармашылығын дамыту, жеке қабілеттерін дамыту білім алушылық құндылықтарымен әлеуметтік мәдениетпен байланысып, өз жоспарларын жүзеге асыру жеке бас қызығушылықтарын қанағаттандыру, көңіл көтеру, өз қызығушылықтарымен айналысуға таңдау жасау болып табылады. Қала сыртында орналасқан жазғы ауысымдық демалыс бағдарламасы (ҚСОЖБ ары қарай) қызықты және тартымды ететін кешенді бағдарлама өз алдына бір-бірін толықтыратын бірнеше мақсат қояды: әр түрлі бағытталған сауықтыруды біріктіреді, сауықтыру лагері жағдайында демалу мен тәрбиелеуді ұйымдастырады. Ұзақтығы бойынша бағдарлама қысқа мерзімді болып келеді, жазғы ауысым – 10 күннің ішінде жүзеге асады. Тәрбиелеушілер балаларды тәрбиелеуде келесі негізгі ойлар мен принциптерді басшылыққа алады:

\*Сауықтыру;

- Барынша табиғи жағдайларды қолдана отырып, балаларға қызықты да толық демалыс ұйымдастырады;

- Қамқорлық пен көңіл бөлу, сүйіспеншілік пен шыдамдылық, балаларды түсінуге деген талпыныс- «Буллингсіз әлем» орнату;

- Қызығушылық принципі – оқушылар зерікпеу үшін және іспен айналыстыру қажет, ол үшін «Soft Skills» ынтымақтастыққа қабілеттілікке, “Story Lab” сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жобаларын басшылыққа алу;

- Назар аудару – балалармен жұмыс істеу уақытында олардың көз-қарасымен және сұранысына назар аудару ;

- Өзін-өзі басқаруды ұйымдастру – өздігімен істей алатын істерді , өздері атқаруға жағдай жасау.

- Қамқорлық қатынаста қарау – баланы тындай білу, баладан үлкен адамды көру, балаға көмек беру және шынайылық білдіру.

*Қатысушылардың жас санаты:* 7-14 жас. Топтағы балалардың қызығушылығы мен олардың әрі қарай тану қызметін жалғастыруға деген қызығушылығы ескеріледі. Балалар сауықтыру алаңының жұмысы негізінен тәлімгерлер мен тәрбиешілерден қалыптасады.

*Жазғы ауысымды өткізу қажеттігі келесі жайлардан туындайды:*

- Жазғы жағдайда шығармашылық қабілетін дамыту;

- Құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

- Балалардың бәсекеге қабілетін арттыру;

- Оқушылардың денсаулығын нығайту.

Бағдарлама балалардың қызығушылығы мен психологиялық жас ерекшеліктерін есепке ала отырып жасалды. Бағдарламаны жүзеге асыру формасы: балаларды сауықтыру мен демалдыру, шығармашылық алаңдар жасау.

**Бағдарламаның мақсаты:** балалардың денсаулығын нығайта отырып, олардың тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету.

**Ұйым туралы мәліметтер:**

Қала сыртындағы ауысымдық балаларды сауықтыру лагері.

**Ұзақтығы:** 10 күндік

Орталық ауысымының жұмыс ұзақтығы 10 күннен 6 маусым:

1 – ауысым: 06.06.2026 – 15.06.2026

2 – ауысым: 18.06.2026 – 27.06.2026

3 – ауысым: 30.06.2026 – 09.07.2026

4 – ауысым: 12.07.2026 – 21.07.2026

5-ауысым: 24.07.2026 – 02.08.2026

6-ауысым: 05.08.2026 – 14.08. 2026-05-02

Әр ауысым аяқталғаннан кейін екі күн санитарлық тазалық күніне жіберіледі.

**Жас санаты:** 7–14 жас

**Құқықтық негізі:** Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Бала құқықтары туралы Конвенция», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы, «Сауықтыру және ұйымдастырылған демалыс кезеңінде балаларға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы, «Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығы, «Дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 68 бұйрығы, «Адал азамат» біртұтас тәрбие беру бағдарламасы басшылыққа алынды.

---

## 2. Глоссарий

- **Бағдарлама** – балалардың демалысын, дамуын және сауықтыруын қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені
  - **Ауысым** - орталықдегі белгілі бір мерзім
  - **Сауықтыру модулі** – денсаулықты нығайтуға бағытталған іс-шаралар
  - **Білім беру модулі** – танымдық және дамытушы іс-шаралар жиынтығы
  - **ҚСОЖБ** -Қала сыртында орналасқан жазғы ауысымдық демалыс бағдарламасы
  - **Орталық** – орталық
- 

## 3. Бағыттылығы мен тақырыбы

**Бағыттылығы:** «Дене шынықтыру және сауықтыру»

«Ең жылдам»: таза ауада сауықтыру жүгірісі;

«Нептун жарысы»: су спорт түрлері бойынша жарыстар;

«Велобаандоздар»: велосипедпен жүру және серуендеу;

«Табиғат тренажеры»: кедергілер жолындағы жарыстар,

СӨС жолы; «Сауықтыру сапары»: жаяу серуендеу және экскурсиялар;

«Құрлық қырандары»: шыңға өрмелеу және альпинизм турнирлері;

«Фитнес фестивалі»: фитнес жарыстары;

«Спортокуспен бірге»: күнделікті спорт сағаты;

«Черлидинг»: фитнес элементтері бар спорттық би байқауы және т. б. сайыстар арқылы тәрбие отырып, баланың бойына:

- тұлғалық даму
- шығармашылық
- экологиялық тәрбие бағыттарын қоса дамытамыз.

**Тақырыбы:** «Жаз -2026»

**Өзектілігі:**

Балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру, гаджетке тәуелділікті азайту, дене белсенділігін арттыру және әлеуметтік дағдыларды дамыту.

**Мақсатты аудитория:**

7–14 жас аралығындағы оқушылар

**Ерекшелігі:**

- білім беру мен сауықтырудың теңгерімі
  - күнделікті белсенділік
  - тәжірибелік және ойын форматтары
- 

## 4. Мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

**Мақсаты:**

Бағдарламаның мақсаты —Оқушылардың жазғы демалысын өткізуі үшін қажетті әдістемелік, ұйымдастырушылық, ақпараттық жағдайларды қамтамасыз ету. Әркім өз денсаулығына түсінушілікпен қарауы және оларды сақтау іс-әрекетіне тарту үшін дене сауықтыру жүйесін жасау. Баланың тұлғасын дамыту, дене, психикалық және эмоционалдық денсаулығын бекіту, Қазақстан Республикасы азаматының ең жақсы қасиеттеріне тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- әрбір баланы салауатты өмір салтын таңдауға саналы түрде таңдауға тарту;
- балаларды сауықтыру және жеке бас гигиенасы дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасау және нашақорлық пен алкогольдік затардан сақтандыру;
- оқушылардың бос уақытын қызықты ұйымдастыру арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;
- оларды спорт жұмысына және мәдени- бұқаралық жұмыстарға тарту жолымен балаларды зияткерлік, денелік дарынды балаларды анықтау үшін жағдай жасау;
- ұжымдылыққа тәрбиелеу, коммуникативтік білікті, рухани қасиеттерді дамыту, оның ішінде «Soft Skills» арқылы қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру;
- ойындық сюжет арқылы баланың зияткерлік және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, қозғалыс белсенділігін кеңейту
- практикалық іс- әрекет, қоршаған ортаны тану, бағдар таба алу үшін қажетті «Story Lab» Ұлы дала шығармашылық ойлау лабораториясы арқылы , азаматтық және адамгершілік сапаларын тәрбиелеу.

#### **Білім беру модулі бойынша:**

- шығармашылық және логикалық ойлауды дамыту
- топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру
- жаңа қызығушылықтарды дамыту

#### **Сауықтыру модулі бойынша:**

- дене белсенділігін арттыру
- дұрыс өмір салтын қалыптастыру
- эмоционалдық жағдайды жақсарту

#### **Күтілетін нәтижелер:**

1. Балалардың денсаулығын нығайту және жеке гигиена дағдыларын , сонымен қатар зиянды әрекеттерден нашақорлық пен алкогольдік сусындардан аулақ болуға үйрету .
2. Түрлі шараларға қатысу арқылы балалардың табиғи қабілеттерін ашу, шығармашылығын дамыту.
3. Мейірімділікке, өзін-өзі сыйлауға, бір-біріне қолдау көрсетуге, достық қарым-қатынасты қалыптастыру және буллингке жол бермеуге.
4. Жазғы сауықтыру алаңының күндіз болу кезіндегі әлеуметтік- психологиялық ахуалын жақсарту;
5. Балалар арасындағы теріс әлеуметтік жайлардың өсу қарқынын төмендету; құқық бұзушылықты болдырмауы.
6. Табиғат аясында, көлікте, көшеде және қоғамда жүріп-тұру ережелерін қалыптастыру.

## **5. Құрылымы мен мазмұны**

### **5.1 Білім беру модулі**

Күніне кемінде Soft Skills («Икемді дағдылар») – табысты қарым-қатынас жасауға, бейімделуге, ұжымда өзара әрекет етуге, көшбасшылыққа, өзін-өзі реттеуге және тиімді ынтымақтастыққа қабілеттілікті қамтамасыз ететін әмбебап дағдылар жиынтығы мен «Story Lab «Ұлы дала» – сценарлық ойлау, көпшілік алдында сөйлеу, storytelling (әңгімелеу өнері) дағдыларын дамытуға,

сондай-ақ ұлттық аңыздар, оқиғалар мен мәдени бейнелерді заманауи форматта түсіндіруге бағытталған шығармашылық зертхананы жүзеге асыру үшін 4 іс-шара төмендегідей ұйымдастырылады:

**1. Дамытушы жұмыстар (күніне 2):**

- шығармашылық үйірмелер (Арт сурет салу, Сауатты тұтынушы )
- театр және музыка

**2. Практикалық жұмыстар (күніне 2):**

- шеберлік сағаттары
- жобалық жұмыстар
- тренингтер

**3. Тәрбиелік іс-шаралар (күніне 2):**

- патриоттық, спорттық ойындар
- командалық жарыстар
- мәдени кештер

**4. Қосымша іс-шаралар:**

- викториналар
- интеллектуалдық ойындар

---

## **5.2 Сауықтыру модулі**

Күніне 3 сағаттан аспайды:

- таңғы жаттығу
- спорттық ойындар (футбол, волейбол, бассейнде жүзу)
- таза ауадағы серуен
- шынықтыру шаралары
- психологиялық тренингтер
- дұрыс тамақтану және гигиена
- күндізгі және кешкі тынығу (ұйқтау режимі)

---

## **6. Іске асыру шарттары**

- ғимараттар мен спорт алаңдарын жабдықтау
- санитарлық талаптарға сай жағдай жасау
- күніне 5 мезгіл тамақтандыруды ұйымдастыру, сонымен қатар ауыз суға тұрақты қолжетімділігін қамтамасыз ету.
- күндізгі тынығу мен түнгі ұйқы режимдерін қамтамасыз ету.
- медициналық бақылау
- қауіпсіздік шаралары (өрт, төтенше жағдайлардың адын алу)
- табиғи-климаттық ерекшеліктерді ескеру

---

## **7. Кадрлық және әдістемелік қамтамасыз ету**

Бағдарламаның даму шарттары. Бағдарламаның жақсы дамуы үшін белгілі бір ресурстармен қамтамасыз етілуі қажет. Сонымен қатар баланың балалар лагерінде қауіпсіз және жайлы болуын қамтамасыз ететін команда:

1. Орталық директоры – 1
2. Аға тәрбиеші -1 .

3. Шаруашылық бөлімінің меңгерушісі -1
4. Дәрігер -1
5. Медбике -2
6. Дене шынықтыру инструкторы-1
5. Аккомпаниятор (сүйемелдеуші) -1
6. Бас аспазшы -1
7. Аспазшы -3
8. Ыдыс жуушы -4
9. Қойма-меңгерушісі
10. Шаруашылық қызметкері (кастелянша) -1
11. Кір жуатын машина операторы -2
12. Күзетші -3
13. Суға жүзудің тренері -1

**Материалдық – техникалық қамтамасыз етілуі.**

Жазғы сауықтыру алаңының жұмысы барысында акт зал , спорттық алаң, бассейн, сонымен қатар:

- Киім ілу бөлмесі;
- әр ғимаратта екі әжетхана;
- Спорттық зал, • Кітапхана және Ақтөбе қаласының «С.Жиенбаев атындағы балалар кітапханасы» келісім шарт негізінде бірлескен жұмыстар;

*Спорттық жабдықтар:*

- баскетбол добы;
- Футбол добы;
- Скакалкілер;
- Гимнастикалық обручтер;
- Матрастар;

**Әдістер:**

- ойын технологиялары
- тренингтер
- жобалық оқыту

**Дамыту ойындары:**

- Шашки;
- Шахматтар;
- Құрылыс конструкторлары;
- Тоғыз құмалақ

**БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУ КЕЗЕҢДЕРІ.**

**Дайындық кезеңі мыналарды қамтиды:**

1. кадрларды тандап алу;
2. топтарды қалыптастыру, құжаттарды рәсімдеу;
3. материалдық – техникалық қамтамасыз етуді дайындау.

**Ұйымдастыру кезеңі мыналарды қамтиды:**

4. Тапсырмалар: (Ұйымдастыру кезеңінде балалар мен тәрбиешілер мыналарды жасау қажет):
5. Табиғи – климаттық жағдайларға үйренісу;
6. Бір -бірімен танысу;

7. Алаңдағы басқа да адамдармен танысу, алаңның өзімен ондағы жағдайлармен танысу.
8. Жалпыға бірдей нормалар мен талаптарды қабылдау;
9. Ұжымдық – шығармашылық істер;
10. Музыкалық сағат;
11. Топтардың презентациясы;
12. Доппен ойнау және бәсекелестік қабілетті дамыту спорттық сайыстарды.

***Негізгі кезең бағдарламаның негізгі ережелерін қамтиды.***

**Балалар алаңда төмендегілерді жасауға жағдайлары бар:**

- Танып, білу, демалу, еңбектену;
- Қоршаған әлемде және өзінде жаңалықтарды ашу;
- Шығармашылық және лидерлік өзін-өзі қалыптастыра алу;
- Іс-шараларды өткізуге көмек беру;
- Өзінің денсаулығын нығайтады.

***Бағдарламаның негізгі ережелері бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылады.***

**Соңғы кезең.** 1. Тапсырмалар: 2. Ауысымның бағдарламасының жүзеге асуы бойынша жалпы қорытынды жасау. 3. Жеке жетістіктердің нәтижесін саралау; 4. Қызметтен кейінгі жұмыстар. 5. Тапсырмаларды орындауға үлес қосатын іс-шаралар: 6. топтың қорытынды жиналысы; 7. Ауысымның жабылу мерекесі

---

## **8. Мониторинг және бағалау**

- Күнделікті бақылау
- Өзін-өзі бағалау критерийесі
- Сауалнамалар («Орталықке келген балаға арналған сауалнама» т.б.)
- Қатысу белсенділігі
- Қорытынды талдау

**Бағалау критерийлері:**

- қатысу деңгейі
- денсаулық көрсеткіштері
- эмоционалдық жағдай

Өзін өзі басқару үшін бағалау критерийелерінің мүшелері топтар арасынан сайланады, олар топ жұмысын реттеп, бақылайды, ағымдағы мәселелерді шешеді. Мәжілісте бір күндік жұмысты қорытындылайды, топтың өмірі жөнінде есеп тыңдалады, төмендегі схема бойынша балдар есептеледі:

**Балдарды есептеу:**

1. Еңбекдесанты – 10 балл, ең жоғары балл;
2. іс-шараға даярлық жасау, қатысу – 10 балл, ең жоғары балл;
3. 1 орын барлық іс-шараларда – 15 балл;
4. 2 орын – 10 балл;
5. 3 орын – 5 балл.

**Балдарды кеміту:**

1. Іс-шараларға кешігіп келу – 5 балл;
2. Ішкі тәртіпті бұзу – 4 балл;
3. Кешігіп келу – 1 балл;

## *БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АЙДАРЫ*

### *1. АҚПАРАТТЫҚ СТЕНД*

1. Күн тәртібі
2. «Бізде...» (күндік жұмыс жоспары)
3. «Халық, жиналайық– атқаратын іс баршылық» (күндік жұмыс жоспары)
4. «Үйірмеге шақырамыз– асығайық досым» (секция, үйірменің жұмыс кестесі)
5. «Қызықты жиын» (өзін өзі басқару ұйымы)
6. «Тазалықты сақтаймыз, айналаны таза ұстаймыз» (тазалық экраны)
7. «Ренішке жол жоқ, біз ән шырқаймыз, билейміз, ойнаймыз» (көңіл-күй картасы)
8. «Сұрақтар қоямыз» жәшік (орталық басшысына сұрақтар, педагог, вожатыйларға)
9. «Сөз сөйлеймін» (өтініш беру)

### *2. Топты безендіру*

1. Топтың атауы;
  2. Ұран, эмблема, өлең;
  3. Өзін- өзі басқару ұйымы;
  4. «Біздің тату отбасымыз– шетінен өнерлі» (күндік жұмыс жоспары)
- Марапатау:** Таңқаларлық сыйлықтар, құттықтаулар, алғыс хаттар, атааналарына алғыс хаттар.

---

## **9. Әдебиеттер тізімі**

- ҚР нормативтік актілері
- Қазақстан Республикасының Конституциясы
- «Бала құқықтары туралы Конвенция»
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» ҚР Заңы
- «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қ Р Заңы
- «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қ Р Заңы
- «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы,
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі
- «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі,
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы

- «Сауықтыру және ұйымдастырылған демалыс кезеңінде балаларға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы
- «Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығы
- «Дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 68 бұйрығы
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие беру бағдарламасы басшылыққа алынды
- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Жазғы демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша 2024-2026 жылдарға арналған әдістемелік ұсынымдары»,
- Әдістемелік құралдар
- Психология және педагогика бойынша әдебиеттер
- соңғы 5 жылдағы ғылыми материалдар
- Г.Г. Кругликова Г.Р. Линкер «Теория и методика организации летнего отдыха детей и подростков»
- Родительское собрание “Организация летнего отдыха детей” (znanio.ru)

## Қорытынды

«Шұғыла» балаларды «ЖАЗ - 2026» бағдарламасы балалардың жазғы демалысын тиімді, қауіпсіз және пайдалы ұйымдастыруға бағытталған. Білім беру мен сауықтырудың теңгерімі баланың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар нәтижесінде сапалы және дәмді тамақтану, күн тәртібін орындау, орталықдегі спорттық іс-шаралары балалардың демалып, сауығуларына жасалған қолайлы жағдай, орталықде атқарылатын түрлі жұмыстар балаларды Отансүйгіштікке тәрбиелейді, түрлі ұлт өкілдерінің салт-дәстүр, мәдениетін, тарихын құрметтеуге үйретеді, оқушылардың ой-өрісін жетілдіреді, барлық балалар бірге топпен табиғатта жұмыс жасау арқылы еңбекке баулып, бір бірімен дұрыс қарым-қатынаста болуына, байланыс жасауға оң ықпал етеді. Балалардың құқық бұзушылықты болдырмауына, бос жүрмеулеріне көмектеседі.

### ***Балалардың денсаулығын төмендегідей іс-шаралар арқылы нығайтуға қол жеткізеді:***

- Тамақтану уақыт тәртібін сақтау;
- Организмге қажетті витаминдерді қабылдау;
- Организмді шынықтыру;
- Таза ауада ойындар ұйымдастырып, іс-шаралар өткізу.
- Бала салмағын 100-150 граммға дейін көтеру.
- Иммунитетін күшейту.

- Спортпен шұғылдануға қызығушылықтарын арттыру.
- Спортта қабілетін жетілдіру, спорт көрсеткішін жоғарылату мақсатында.
- Жас шамасы әр-түрлі балалар арасында татулықты, ынтымақтастықты күшейту.
- Шығармашылық қабілетін дамыту.
- Орталықдегі демалып, сауығуды қызықты, маңызды етіп өткізу.
- Балалар өмірін түрлі мәдени шаралармен байыту.
- Баланың шығармашылығын дамыту.
- Отырған орнын жинау дағдысын қалыптастыру.
- Тұтынушылық, экономикалық сауаттылықтарын үйірмелер арқылы ашылады.

Бекітімен  
«Шұғыла» балалар  
легерінің директоры  
\_\_\_\_\_ А.Жетешов  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2026ж

### «ШҰҒЫЛА» БАЛАЛАР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ КҮН РЕЖИМІ

Уақыты	Іс-әрекет атауы
08.30	Ұйқыдан тұру
08.45 -09.00	Таңертеңгілік жаттығулар
09.00-10.00	Таңғы ас
10.00-10.30	Жасақ ісі
10.30 -12.30	Үйірмелердегі сабақтар, жасақтық және спорттық іс-шаралар
12.30 -13.00	Жеке гигиена уақыты
13.00 -14.00	Түскі ас
14.00-16.00	Ұйықтайтын уақыт
16.00-17.30	Түстен кейінгі ас
17.30-18.30	Ұжымдық шығармашылық істер, спорттық ойындар
18.30-19.30	Кешкі ас
19.30 -20.30	Жалпы орталықлік іс-шара
20.30-21.00	Екінші кешкі ас
21.00-22.30	Дискотека
22.30-22.45	Жеке гигиена уақыты
23.00	Ұйықтау

Бекітімен  
«Шұғыла» балалар  
легерінің директоры  
\_\_\_\_\_ А.Жетешов  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2026ж

**«ШҰҒЫЛА» БАЛАЛАР ЛЕГЕРІНІҢ**  
іс-шаралары бойынша жоспары  
2026 жылғы I шығармашылық ауысым «06» мамыр 2026 жыл

Ауысым атауы : «Жаз-2026»

Ауысым орайластырылған: «Дене шынықтыру және сауықтыру»

№	Күні	Іс-шараның атауы	Жауаптылар
1	06.06	«Қош келдің, достарым!» танысу күні 1. Ұйымдастыру кезеңі: - балалардың келуі; - медициналық пунктке бару; - жасақтарды бөлу; - корпустар бойынша жайластыру. 2. Қауіпсіздік техникасы және легерде болу ережелері бойынша нұсқаулық 3. Жасақтардағы танысу, «Армандар орындалады» татуласу ойындарына арналған тілектерді аспанға ұшыру тренингі. 4.КТД «Квест» ойындар 5. «Біз таланттарды іздейміз!» тәлімгерлердің кешкі концерті 6. Дискотека	Диектор, Психолог Тәрбиешілер Дәрігер Аккомпаниятор
2	07.06	«Спорт және денсаулық» 1. Таңғы жаттығу 2. Арт сурет салу үйірмесі «Денсаулық- зор байлық» 3. КТД / Эстафеталық жарыс 4. Бессейн «Судағы доп ойыны» 5. Кешкі іс-шара/ «Денсаулықты сақтаймыз» қысқа сценка қою 6. Дискотека	Диектор, Психолог Тәрбиешілер Дәрігер Аккомпаниятор
3	08.06	«Өнер және талант күні» Таңғы жаттығу 1. Үйірме «Флористика» жарыс 2. КТД / Бассейн «Нептун жарысы»: су спорт түрі. «Булингке жол жоқ»	Диектор, Психолог Тәрбиешілер Дәрігер Аккомпаниятор

		тренинг 3. Кешкі іс-шара «Жұлдыздар шоуы» 4. Дискотека	
4	09.06	«Табиғат күні» 1 Таңғы жаттығу 2. Үйірмелер Гербарий жасау, шахмат, тоғызқұмалақ ойнау Бассейн «Жүзу түрлерінен шебер-класс» 3. КТД / «Табиғат тренажері» Тауға шығу, табиғатты қорғау туралы әңгімелесу 4. Кешкі іс-шара/кешке «Тұрмыстық қалдықтардан пайдалы зат жасау» жарыс 5. Дискотека	Диектор, Психолог Тәрбиешілер Дәрігер Аккомпаниятор
5	10.06	«Ұлттар достығы күні» 1 Таңғы гимнастика 2. Үйірмелер жұмысы «Ұлттық бас киімдерді безендіру» 3. КТД / Ұлттық билерден жарыс 4. Кешкі іс-шара/Шағын фестиваль 5. Дискотека	Диектор, Психолог Тәрбиешілер Дәрігер Аккомпаниятор
6	11.06	«Спорт және интелект күні» 1. Таңғы жаттығу би 2. Спартакиаданың ашылуы / таңертең 3. Волейбол қыздар, футбол ер баллардан жарыс. 4. Бассейн «Аквааэробика» 5. КТД/ «Велошабандоздар»: велосипедпен жүру 6. Кешкі іс-шара/ Ролдік ойын , Спорттық викторина 7. Дискотека.	Диектор, Психолог Тәрбиешілер Дәрігер Аккомпаниятор
7	12.06	«Отбасы және достық күні» 1. Үйірме «Фото дизайн» 2. Спорттық ойындар, «Черлидинг» би жарыс 3. Бассейн жанында кеш 4. Дискотека	Диектор, Психолог Тәрбиешілер Дәрігер Аккомпаниятор
8	13.06	«Зияткерлік күн» 1. Үйірмелер «Экономикалық сауаттылық» 2. КТД / Логикалық ойындар 3. Бассейн «Судағы гимнастика»	Диектор, Психолог Тәрбиешілер Дәрігер Аккомпаниятор

		<p>3. «Кітап біздің досымыз» оқыған кітаптары туралы әңгімелесу</p> <p>3. Кешкі іс-шара/ «Не? Қашан? Қайда?» ойыны</p> <p>4. Дискотека</p>	
9	14.06	<p>«Көңілді мереке күні»</p> <p>1. Үйірмелердің жұмыстарын қорытындылау кеші</p> <p>2. Шығармашылық ауысым мен спартакиаданың салтанатты жабылуы. Жеңімпаздарды марапаттау. <b>Қоштасу гала-концерті</b></p> <p>3. Бассейн жанындағы кеш</p> <p>3. От жағу</p> <p>4. Дискотека.</p>	<p>Диектор, Психолог Тәрбиешілер Дәрігер Аккомпаниятор</p>
10	15.06	<p>«Жабылу күні»</p> <p>1. Жасақтағы ауысымды қорытындылау, рефлексия.</p> <p>2. Сауалнама</p> <p>3. Балалардың үйге қайтуы.</p>	<p>Диектор, Психолог Тәрбиешілер Дәрігер Аккомпаниятор</p>

Бекітімен  
«Шұғыла» балалар  
легерінің директоры

А.Жетешов

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2026ж

**«ШҰҒЫЛА» БАЛАЛАР ЛЕГЕРІ**  
аусымының күндік жоспар- кестесі  
(смена сетка дня)

1 күн	2 күн	3 күн
<p style="text-align: center;"><b>«Қош келдің, достарым!»</b></p> <p>1 «Армандар орындалады» татуласу ойындарына арналған тілектерді аспанға ұшыру тренингі. 2 «Квест» ойындар 3 Қауіпсіздік техникасы және легерде болу ережелері бойынша нұсқаулық 4«Біз таланттарды іздейміз!» тәлімгерлердің кешкі концерті 5 Дискотека</p>	<p style="text-align: center;"><b>«Спорт және денсаулық»</b></p> <p>1 Таңғы жаттығу 2 Эстафеталық жарыс 3 Бассейн «Судағы доп ойын» 4 «Денсаулықты сақтаймыз» қысқа сценка қою 5. Дискотека</p>	<p style="text-align: center;"><b>«Өнер және талант күні»</b></p> <p>1Таңғы жаттығу 2. Бассейн «Нептун жарысы»: су спорт түрі 3. Кешкі іс-шара «Жұлдыздар шоуы» 4. Дискотека</p>
4 күн	5 күн	6 күн
<p style="text-align: center;"><b>«Табиғат күні»</b></p> <p>1Таңғы жаттығу 2. Үйірмелер Гербарий жасау, шахмат, тоғызқұмалақ ойнау 3. «Табиғат тренажері» тауға шығу, табиғатты қорғау туралы әңгімелесу 4. «Жүзу түрінен шебер-класс» бассейн 4. «Тұрмыстық қалдықтардан пайдалы зат жасау» жарыс 5. Дискотека</p>	<p style="text-align: center;"><b>«Ұлттар достығы күні»</b></p> <p>1 Таңғы гимнастика 3. Үйірмелер жұмысы «Ұлттық бас киімдерді безендіру» 4. Бассейн 5 Ұлттық билерден жарыс 6. Шағын фестиваль 7. Дискотека</p>	<p style="text-align: center;"><b>«Спорт пен интеллект күні»</b></p> <p>1. Таңғы жаттығу би 2. Спартакиаданың ашылуы 3. Волейбол, футбол жарыс. 4. Бассейн «Акваэробика» 5.«Велошабандоздар»: велосипедпен жүру 6. Ролдік ойын , Спорттық викторина 7. Дискотека.</p>
7 күн	8 күн	9 күн
<p style="text-align: center;"><b>«Отбасы және достық күні»</b></p> <p>1. Үйірме «Фото » 2. Спорттық ойындар, «Черлидинг» би жарыс 3. Бассейн жанында кеш 4. Дискотека</p>	<p style="text-align: center;"><b>«Зияткерлік күн»</b></p> <p>1. Үйірмелер «Экономикалық сауаттылық» 2. Логикалық ойындар 3. «Судағы гимнастика» бассейн 4. «Кітап біздің досымыз» оқыған кітаптары туралы әңгімелесу 5. «Не? Қашан? Қайда?» ойыны 6. Дискотека</p>	<p style="text-align: center;"><b>«Көңілді мереке күні»</b></p> <p>1. Үйірмелердің жұмыстарын қорытындылау кеші 2. <b>Қоштасу гала-концерті</b> 3. Бассейн жанындағы кеш 3. От жағу 4. Дискотека.</p>
10 күн		
<p style="text-align: center;"><b>«Жабылу күні»</b></p> <p>1. Жасақтағы ауысымды қорытындылау, рефлексия. 2. Сауалнама</p>		

**«Шұғыла» балалар сауықтыру орталығының  
жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
«Фонд здорового поколения»  
ПАСПОРТЫ  
күйі бойынша «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2026 ж.**

<b>1. Балалар мен жасөспірімдерді демалдыру және сауықтыру ұйымы туралы жалпы мәліметтер</b>		
1.1.	Балалар мен жасөспірімдерді демалдыру және сауықтыру ұйымының толық атауы (бұдан әрі – ұйым) қысқартусыз (ұйымдастырушылық-құқықтық нысанды қоса алғанда), салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі	<b>балалардың сауықтыру лагері «Шұғыла» жауапкершілігі шектеулі серіктестік «Сау ұрпақ қоры»</b>
1.2.	Заңды мекенжайы	<b>Кеңсе:</b> Ақтөбе облысы, қала Ақтөбе, Астана ауданы, Әбілқайыр хан даңғылы, 1, б/п 3 <b>Орталық:</b> Ақтөбе облысы, қала Ақтөбе, Алматы ауданы, Украинка тұрғын массиві, Энергетик - 1 пионер лагері ауданы кварталы
1.3	Нақты орналасу мекенжайы, телефон, факс, электронды пошта мекенжайлары және интернет-беттер	<b>Кеңсе:</b> Ақтөбе облысы, қала Ақтөбе, Астана ауданы, Әбілқайыр хан даңғылы, 1, б/п 3 <b>Орталық:</b> Ақтөбе облысы, қала Ақтөбе, Алматы ауданы, Украинка тұрғын массиві, Энергетик – 1 пионер лагері ауданы кварталы. <b>Телефон:</b> +7 701 770 0813, +7 701 558 4630. <b>Электронды пошта:</b> toofzp2024@gmail.com
1.4	Жақын жердегі елді мекенге дейінгі қашықтық, ұйымнан оған дейінгі арақашықтық (км)	4 км
1.5	Ұйым құрылтайшысы (толық атауы):	Жетешов Айдынгали Ермекович
	- мекенжайы	Ақтөбе облысы, қала Ақтөбе, Астана ауданы, Ақтөбелік к-сі, 70
	- байланыс телефоны	+7 701 558 4630
	- Басшының аты-жөні (қысқартусыз)	Жетешов Айдынгали Ермекович
1.6	Ұйым иесі (толық аты/атауы):	Жетешов Айдынгали Ермекович
	- мекенжайы	Ақтөбе облысы, қала Ақтөбе, Астана ауданы, Ақтөбелік к-сі, 70
	- байланыс телефоны	+7 701 558 4630
	- Басшының аты-жөні (қысқартусыз)	Жетешов Айдынгали Ермекович
1.7	Ұйым басшысы	
	- Басшының аты-жөні (қысқартусыз)	Культаева Эльмира Кайруллиновна
	- білімі	Жоғары педагогика ғылымдарының магистрі
	- осы лауазымдағы жұмыс өтілі	2

	- байланыс телефоны	8 7751971570				
1.8	Ұйым түрі, оның ішінде:	Балалардың сауықтыру лагері				
	- түнгі тұруы бар қала сыртындағы сауықтыру лагері	иә				
	- жыл бойы жұмыс істейтін санаторлық-сауықтыру лагері	жоқ				
	- күндізгі балалар тұруы бар сауықтыру лагері	жоқ				
	- мамандандырылған (бейінді) орталық (бейінін көрсету)	жоқ				
	- сауықтыру-білім беру орталығы	жоқ				
	- балаларды демалдыру және сауықтырудың өзге ұйымы (қандай екенін нақтылау)	жоқ				
1.9	Ұйым қызмет ететін негіздегі құжат (жарғы, ереже)	Жарғы				
1.10	Ұйымды пайдалануға берілген жылы	2018				
1.11	Ұйым жұмыс істеу кезеңі (жыл бойы, маусымды)	маусымды				
1.12	Ұйымның жобалық қуаты (бір мезгілде қанша бала мен жасөспірімді қабылдай алады)	1 ауысымда (10 күн) бір мезгілде 300 бала-жасөспірімді қабылдай алады				
1.13	Ұйым жобасының болуы	Объектінің толық техникалық паспорты бар				
1.14	Соңғы жөндеу жылы, оның ішінде:	2024				
	- күрделі					
	- ағымдағы	+				
1.15	Ауысымдар саны	6				
1.16	Ауысымдардың ұзақтығы	10 күн				
1.17	Ауысымдар бойынша жүктеме (балалар саны):					
	- 1-ші ауысым	300				
	- 2-ші ауысым	300				
	- 3-ші ауысым	300				
	- 4-ші ауысым	300				
	- 5-ші ауысым	300				
	- 6-шы ауысым	300				
1,18	Ұйым демалысқа және сауықтыруға қабылдайтын балалар мен жасөспірімдердің жасы	7-14 жас				
1.19	Тұрғын емес мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар:					
	Саны, қабаттылығы	Салынған жылы	Ауданы (шаршымы)	Тозу дәрежесі %	Қанша балаға есептелген	Соңғы күрделі жөндеу жылы
	5 жатын корпус, 4 іргелес үй, 2-ге бөлінген, асхана, жабық бассейн, кір жуатын орын, өткізу үшін ангар	1965	2416,9		300 1 ауыс	2024

	спорт және мәдени-бұқаралық іс-шаралар, воркаут, волейбол және футбол алаңдары, әкімшілік корпус				ЫМҒ а	
1.20	Балансте автокөлік болуы (бірліктер саны, маркалары), оның ішінде:	Балансте автокөлік жоқ. «Жаумытбаев Кобейсін Елмұратович» ЖК-мен 19.03.2026 ж. №013 көлік қызметтерін көрсету шарты жасалған				
	- автобустар	-				
	- микроавтобустар	-				
	- коммуналдық мақсаттағы автокөлік	-				
	- тіркеме арбасы бар трактор	-				
1.21	Аумақ:					
	- жер учаскесінің жалпы ауданы (га)	9,4524 гектар				
	- жасыл желек ауданы (га)	9,4524 гектар				
	- аумақта өсімдіктердің болуы	бар				
	- орталық аумағының қадағалау және бақылау органдарының талаптарына сәйкестігі (тыйым салу нұсқаулары болса, себептерін көрсету)	сәйкес келеді				
	- ұйым аумағының жоспарының болуы	бар				
1.22	Су объектісінің болуы, оның ішінде орталық аумағынан қашықтығы:					
	- бассейн	1 (ауданы 144 шаршы м)				
	- тоған	-				
	- өзен	Қарғалы өзені қоршалған (кіруге болмайды)				
	- көл	-				
	- су қоймасы	-				
	- теңіз	-				
1.23	Жабдықталған жағажайдың болуы	-				
	- шомылу аймағында қоршаудың болуы	-				
	- шомылу аймағын жабдықтау (құтқару және медициналық бекеттердің, құтқару құралдарының болуы)	-				
	- душтың болуы	Бар				
	- дәретхананың болуы	Бар				
	- киім ауыстыру кабиналарының болуы	бар				
	- күннен қорғайтын сарайшалардың болуы	Бар				
	- медициналық көмек пунктіннің болуы	бар				
	- құтқару қызметі бекетіннің болуы	Қажеттілік жоқ, орталықде жабық бассейн жұмыс істейді				
1.24	Өрт және терроризмге қарсы қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз ету, оның ішінде:					
	- қоршау (қандай екенін көрсету)	металл тор және бетон қоршаулар				
	- күзет	бар				
	- өткізу режимін ұйымдастыру	бар				
	- дабыл сигнализациясының түймесінің болуы (ДСТ)	бар				
	- сигналды өрт бөлімінің пультіне шығарумен автоматты өрт сигнализациясының болуы (АӨС)	бар				
	- адамдарды эвакуациялауды хабарлау	бар				



- қол жуғыштағы кран саны (қабатта)	4	4	4	4	4	1	1	1	1
- дәретханадағы орын саны (қабатта)	4	4	2	4	4	1	1	1	1
- жеке гигиена бөлмесінің болуы	4	4	4	4	4	1	1	1	1
- балалардың жеке заттарын сақтау камерасының болуы	+	+	+	+	+	+	+	+	+

**4. Дене шынықтыру-сауықтыру құрылыстарымен, мынаған арналған алаңдармен қамтамасыз етілуі:**

	Салынған жылы	Ауданы (шаршы м)	Тозу дәрежесі (%)	Қанша балаға есептелген	Соңғы күрделі жөндеу жылы
- волейбол	2018	162	0	стандартты	2024
- баскетбол	2018	162	0	стандартты	2024
- бадминтон	2018	162	0	стандартты	2024
- үстел теннисі	2018		0	стандартты	2024
- ұзындыққа, биіктікке секіру	2018	15*24	0	стандартты	2024
- жүгіру жолағы	2018	200	0	стандартты	2024
- футбол алаңы	2018	1800	0	стандартты	2024
- бассейн	2018	144	0	стандартты	2024
- өзгелер (спорт залы)	2018	19500	0	стандартты	2024

**5. Мәдени-бұқаралық мақсаттағы объектілермен қамтамасыз етілуі**

- кинозал (орын саны)	1
- кітапхана (оқу залындағы орын саны)	6
- ойын бөлмелері, үйірме жұмысына арналған үй-жайлар (қандай және олардың санын көрсету)	1
- актілік зал (жабық эстрада), отыратын орын саны	спорт және мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған ангар, 575,5 шаршы м.
- жазғы эстрада (ашық алаң)	100 орынға
- аттракциондардың болуы	-
- балалар мен жасөспірімдердің жасына сәйкес бос уақытты ұйымдастыруға арналған қажетті әдебиеттің, ойындардың, мүліктердің, жабдықтардың, жарақтардың болуы, оның ішінде компьютерлік техника	+

**6. Медициналық мақсаттағы объектілермен қамтамасыз етілуі**

	Саны	Ауданы (шаршы м)	Тозу дәрежесі (%)	Нормаларға сәйкес жабдықталған (иә/жоқ)	Соңғы күрделі жөндеу жылы
6.1. Медициналық пункт	1	46,5	0	иә	2024
- педиатр дәрігердің кабинеті	1	14			
- процедуралық бөлме	1	9,3			
- медбике бөлмесі	1	6,2			
- тіс дәрігерінің кабинеті	-				
- шлюздегі қол жуғышы бар	1	5,6			

	дәретхана					
6.2.	Изолятор	+	+			
	- тамшылы инфекцияларға арналған палата	1	5,8			
	- ішек инфекцияларына арналған палата	1	5,6			
	- бокс палатасы	1	5,6			
	- корпус бөлмелеріндегі төсектер саны	2				
	- процедуралық бөлме					
	- буфет бөлмесі					
	- ауру балаларға арналған душ					
	- тазалық мүлкін өңдеуге және сақтауға, дезерітінділер дайындауға арналған үй-жай					
	- санитарлық торап					
6.3.	Ұйымда мамандандырылған санитарлық көліктің болуы					
6.4.	Өзгелер (қандай екенін көрсету)					

### 7. Шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы объектілермен қамтамасыз етілуі

7.1	Бас-кір жуу блогының сипаттамасы	Сандық көрсеткіш	
	- жобалық қуат		20
	- соңғы жөндеу жылы, оның ішінде		2026
	- күрделі		2024
	- ағымдағы		2026
	- ыстық сумен жабдықтаудың болуы, оның ішінде:		+
	- орталықтандырылған		-
	- орталықтандырылмаған		+
	- суық сумен жабдықтаудың болуы, оның ішінде:		+
	- орталықтандырылған		-
	- орталықтандырылмаған		+
	- душ торларының саны		10
	- кір жуатын орынның технологиялық жабдықтарының болуы		+
	Технологиялық жабдық жоқ (қандай екенін көрсету)		-
7.2	Тамақ блогының жай-күйі туралы мәліметтер		
	- жобалық қуат		300 адам
	- соңғы жөндеу жылы, оның ішінде		2026
	- күрделі		2024
	- косметикалық		2026
	- асхана залдарының саны		2
	- отыратын орындар саны		300
	- тамақтанушылар ауысымдарының саны		1
	- асхана ыдысымен қамтамасыз етілуі, %		100
	- ас үй ыдысымен қамтамасыз етілуі, %		100
	- ыстық сумен жабдықтаудың болуы, оның ішінде:		+
	- орталықтандырылған		-

	- орталықтандырылмаған				+
	- суық сумен жабдықтаудың болуы, оның ішінде:				+
	- орталықтандырылған				-
	- орталықтандырылмаған				+
	- ыдыс жуу технологиясы:				+
	- ыдыс жуатын машинаның болуы				-
	- ыдыс жуатын ванналар (саны)				5
	- өндірістік үй-жайлардың болуы (цехтар)				4
	- өндірістік үй-жайлар жоқ (қандай екенін көрсету)				-
	- технологиялық жабдықтың болуы				+
	- технологиялық жабдық жоқ (қандай екенін көрсету)				-
	- суыту жабдығының болуы:				8
	- салқындатылатын (төмен температуралы) камералар				4
	- тұрмыстық тоңазытқыштар				4
7.3	Сумен жабдықтау (ұяшықта белгілеу)	Жергілікті су құбырынан орталықтандырылған	Артезиандық ұңғымадан орталықтандырылған	Тасымалданатын (бөтелкелі) су	
		+	-	-	
7.4	Су қорына арналған сыйымдылықтың болуы (текше м.)	1500			
7.5	Ыстық сумен жабдықтау: болуы, түрі	-			
7.6	Кәріз	Орталықтандырылған		Шұңқыр типті	
		-		+	
7.7	Қоқысқа арналған алаңдар, олардың жабдықталуы	+ (6 арнайы контейнер)			
7.8	Газбен жабдықтау	+			
<b>8. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ұйымның қолжетімділігінің негізгі сипаттамалары, мүгедек балалардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып</b>					
<i>(бұл бөлім орталықде осы бөлімде көрсетілген қолжетімділік жағдайлары болған жағдайда толтырылады)</i>					
8.1	Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ұйым инфрақұрылымының қолжетімділігі, оның ішінде:				
	- аумақ				
	- ғимараттар мен құрылыстар				
	- су объектілері				
	- автокөлік				
8.2	Мүгедек балаларға арналған бейіндік топтардың болуы				
	- саны				
	- жұмыс бейіні				
8.4	Мүгедек балалар мен олардың ата-аналарының бірлескен демалысын ұйымдастыру мүмкіндігінің болуы				

8.5	Ақпараттың қолжетімділігі		
<b>9.</b>	<b>Көрсетілетін қызметтердің құны(теңгемен)</b>		
		Өткен жыл	Ағымдағы жыл
9.1.	Жолдаманың құны	100000	115000
9.2.	Тәуліктік тұру құны	<b>10000</b>	<b>11500</b>
9.3.	Күндік тамақтану құны	-	
<b>10.</b>	<b>Қаржылық шығыстар (мың теңгемен)</b>		
		Өткен жыл	Ағымдағы жыл
10.1.	Күрделі жөндеу	2024	-
10.2.	Ағымдағы жөндеу	+	+
10.3.	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету	+	+
10.4.	Жұмсақ мүлікпен жабдықтау	+	+
10.5.	Тамақ блогын жабдықтау	+	+
10.6.	Өзгелер (қандай екенін көрсету)		
<b>11.*</b>	<b>Ұйымның бейіні (көрсету)білім беру</b>		
<b>12.*</b>	<b>Медициналық қызметтер мен рәсімдер (қандай екенін көрсету)</b>		

Ұйым басшысы

*Қолы*

*М. О.*

\_\_\_\_\_